

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.2 – Б. 306-309

## АГРАРЛЫҚ ӨНДІРІСТІ ДИВЕРСИФИКАЦИЯЛАУ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛЫ РЕТІНДЕ

*Нукешева А. Ж., Косыбаева А.*

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа он жылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында экономиканы диверсификациялау және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы Қазақстан экономикасының тұрақты және біркелкі дамуына ерекше көңіл бөлген болатын [1]. Сондықтан еліміз үшін аграрлық өндірісті диверсификациялау экономиканың бәсекеге қабілеттілігін анықтаудың стратегиялық маңызды бағыт болып табылады.

Бүгінгі күні елімізде ауылшаруашылық өнімін өндіруге, оны қайта өңдеуге және тұтынушыға жеткізуге қатысатын барлық салаларды қамтитын агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға басымдық берілгені белгілі. Шикізат секторына көбірек бағытталған ел экономикасы әлемдік нарықтағы өзгерістерге тәуелді болып келеді. Бұл жағдайды өзгерту үшін экономиканы әртараптандыру, қайта өңдеу өндіріс орындарын дамыту, инновациялық жаңа технологиялар мен тауарлар шығаруды қолдау қажет.

Мал шаруашылығы – ел экономикасындағы орны ерекше салалардың бірі, оны өркендету мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруа және халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсартуда маңызы зор. Жалпы, еліміздің оңтайлы ауа райы мен жер ерекшелігін ескере отырып, мал шаруашылығын дамыту үшін жайылым мен мал азығын дайындау, өнімділік көлемін жоғарылату, сүт өнімдері мен ет сапасын жақсарту және т.б. мәселелерді бірінші кезекте шешу қажет.


2014 жылғы статистикалық деректер сүйенсек, Қазақстанда халықтың 43,3 пайызы ауылдық жерде тұрады, ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің құнының құрамындағы мал шаруашылығының үлесі 47 пайыздан жоғары болып табылады. Қазақстан Республикасында мал мен құс саны өсу динамикасы 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасында мал мен құс саны өсу динамикасы

Жылдар	Ірі қара мал		Жылқы		Қой мен ешкі		Шошқа		Түйе		Құс	
	мың бас	өсімі, %	мың бас	өсімі, %	мың бас	өсімі, %	мың бас	өсімі, %	мың бас	өсімі, %	млн. бас	өсімі, %
2010	5 175,3	-	1 528,3	-	17 988,1	-	1 344,0	-	169,6	-	32,8	-
2011	5 702,4	92,3	1 607,4	105,2	18 091,9	100,6	1 204,2	89,6	173,2	102,1	32,9	100,3
2012	5 690,0	99,8	1 686,2	104,9	17 633,3	97,5	1 031,6	85,7	164,8	95,15	33,5	101,8
2013	5 851,2	102,8	1 784,5	105,8	17 560,6	99,6	922,3	89,4	160,9	97,63	34,2	102,1
2014	5 032,7	103,1	1 937,9	108,6	17 914,6	102,0	884,7	95,9	165,9	103,1	35,0	102,3

Қазақстан Республикасының шаруашылықтарының барлық дәрежелеріндегі 2010 жылдан 2014 жылға дейінгі аралықта ірі қара мал саны 6175,3 мың бастан 6 032,7 мың басқа (2,3 пайызға), қой мен ешкі саны 17 988,1 мың бастан 17 914,6 мың басқа (0,4 пайызға), шошқа саны 1 344,0 мың бастан 884,7 мың басқа (34,2 пайызға) және түйе саны 169,6 мың бастан 165,9 мың басқа (2,2 пайызға) дейін төмендеді. Ал жылқы мен құс саны осы аралықта сәйкесінше 26,8 пайызға және 6,7 пайызға өсті.

Ет және ет өнімдері елдің стратегиялық азық-түлік қауіпсіздігінің құрылымының маңызды бөлігі болып табылады [2]. Қазақстан үшін сыртқы нарыққа еттің экспортын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беретін қолайлы нарықтық мүмкіндігі бар. Бұл – жайылымдардың бар болуы, өткізу нарығының жақындығы, қолайлы табиғи климаттық шарттар және елдің табиғи бәсекелестік артықшылықтарының бар болуымен байланысты.



Сурет 1 – Мал шаруашылығы өнімдерінің жеке түрлерін өндіру

Шаруашылықтың барлық дәрежелеріндегі ірі қара малдың ет өнімділігі төмен, тірі салмақтағы сойыста алынған ІҚМ дара массасының шығуы бар болғаны 56,2 пайыз құрайды [3].

**Елбасы өз Жолдауларында еліміздің ет экспортын 2016 жылға дейін 60 мың тоннаға жеткізу керектігін, мал шаруашылығын дамытудың аса маңыздылығын, еттің экспорттық әлеуетін арттыру қажеттігін атап көрсетті.** Етті шаруашылықтың экспорттық әлеуетін дамыту оның экономикалық тартымдылығына және агробизнестің диверсификациясының жоғарлатуына мүмкіндік туғызады.

Қазақстан Республикасының етті шаруашылық саласының экспорттық әлеуетін дамыту тұжырымдамасы елдегі ет өндірісі саласын бірқалыпты дамытуды қамтамасыз ету, ет және ет өнімдерін экспортқа жеткізу мен импорттық тәуелсіздігіне табыстары үшін құрал бөлуге арналған, және де аграрлық өнеркәсіп кешенін дамытудың басымды бағыттарының бірі болып табылады.

Кесте 2 – Ет және ет өнімдерінің ресурстары және пайдалануы

	МЫҢ ТОННА				
	2010 ЖЫЛ	2011 ЖЫЛ	2012 ЖЫЛ	2013 ЖЫЛ	2014 ЖЫЛ
<b>I. РЕСУРСТАР</b>					
Жыл басына қорлар	149,3	143,8	124,4	143,2	130,8
Өндіріс (сойыс салмақта)	834,4	838,1	844,7	871,0	900,2
Импорт	170,0	240,7	307,9	274,2	250,8
Ресурстар, барлығы	1 153,7	1 222,6	1 277,0	1 288,4	1 281,8
<b>II. ПАЙДАЛАНУ</b>					
Өзге де өнеркәсіптік пайдалану	12,7	13,4	14,0	14,2	14,1
Ысырап	15,0	15,9	16,6	16,7	16,7
Экспорт	2,5	1,6	3,2	4,1	11,7
Болуы мүмкін тұтынудың көлемі:					
Жеке тұтынуға	979,7	1 067,3	1 100,0	1 122,6	1 145,2
Жан басына шаққандағы тұтыну, кг/жыл	60,0	64,5	65,5	65,9	66,2
Жыл аяғына қорлар	143,8	124,4	143,2	130,8	94,1

Статистикалық мәліметтер негізінде ет және ет өнімдерінің экспорт көлемі 2010 жылмен 2014 жылғы көрсеткіштерді салыстырғанда 9,2 мың тоннаға өскен. Қазақстанда етті ірі қара малдың алты тұқымы топтастырылған. Олар қазақтың ақбас сиыры, әуликөл тұқымдары, сантагертуда, «Жетісу» тұқымшilik сүлесі, галловей, герефорд және қалмак сиыры.

Қазақстан Республикасындағы етті шаруашылық саласының экспорттық әлеуетін дамытудың басты мақсаттары агроөнеркәсіптік кешенде еңбек өнімділігін жоғарлату, елдің ортақ экспорттық құрылымында АӨК өнімдерінің экспорт еншісін ұзарту болып табылады.

Қазақстан аграрлық ғылымының міндеті – ірі қара мал шаруашылығы саласын тез өркендету, отандық етті ірі қара малдың тектік қорын сақтау мен дамыту, сонымен бірге шет елдерден әкелінген етті ірі қара малдың ең жақсы әлемдік тектік түрі негізінде асыл тұқымды малдың тұқымдық қорын жасау. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Қазақстан Республикасының ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту жобасы» бағдарламасы экономикалық тұрғыдан осы саланың тиімділігін арттыруға әсер етеді және елімізде сиыр етін тұрақты өндіруді қамтамасыз етудің, импортқа тәуелді болмаудың және ет өнімдерін экспортқа шығарудың негізгі қозғаушы күші болып табылады.

Мал шаруашылығы саласына шығынды аз жұмсап, жерді экстенсивті пайдаланатын аймақтарда арзан ет өндіруге мүмкіндік бар. Сондықтан бұл саланы ірілендіруге, шаруашылық субъектілерін мамандандыруға, шаруашылықтарда етті ірі қара малдың көпшілік бөлігін шоғырландыруға, ұдайы өндіруді қарқынды жүргізуге, төлдерді өсіруге, жайып-семіртуге және

бордақылауға, өндіріс үдерісін ықшамдауға, сиырдың маусымдық төлдеуін реттеуге байланысты жұмыстар оңтайлы атқарылуы тиіс. Жоғарыда аталған мәселелерді шешу, етті ірі қара шаруашылығының үдемелі даму қарқынын жеделдетеді және аса сапалы сиыр етін өндіруді арттырады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 29.01.2010 ж.

2. Matt A. Sanderson, David Archer, John Hendrickson, Scott Kronberg, Mark Liebig, Kris Nichols, Marty Schmer, Don Tanaka and Jonathan Aguilar. «Diversification and ecosystem services for conservation agriculture: Outcomes from pastures and integrated crop-livestock systems» RENEWABLE AGRICULTURE AND FOOD SYSTEMS Том: 28 Выпуск: 2 Стр.: 194-194  
Опубликовано: JUN 2013

3. Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы 2010-2014. Статистикалық жинақ. – Астана, 2015.